

«Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің 2022-2023 оқу жылына талдауы
3 «Ә» сынып

Мақсаты: 1. Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру.

2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру.

3. Балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу. Жоспар бойынша:

• Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері.
• Қай жерлерден жолдан өтуге болады.
• Жол жүру белгілері және таңбалары.
• Жарақаттанғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек.
• Сен – велосипедші.
• Қорытынды сабақ.

тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Тәрбие сағаттарының мақсаты: Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен жүре білуге үйрету. Оқушыларды сақтыққа тәрбиелеу. Өз бетімен жұмыс жасай білуге дағдыландыру. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол апаттарының алдын алу, жасөспірімдер жарақатын азайту және балалар арасында жол қозғалыс ережесін сақтау.

Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп бара жатқан көлікке жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып кету салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер көліктің дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Сондықтан әрбір бала «Жолда жүру ережесі» тақырыбындағы сабақты мұқият тыңдап, әр ұйымдастырылған іс әрекетінен қорытынды жасап отыруға міндетті. Үлгілі, тәртіпті бала көшеде, жолда жүру ережесін, заңын бұзбайды.

Сынып жетекшісі  Ажибаева Ж.С.